

## № 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілгін уақыты: 31.01.2024ж

**Түрі:** дәстүрлі

**Тақырыбы:** «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»

**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету және қоршаған орта туралы білім беруге тәрбиелеу.

Төрайымы: Есеналиева А.С

Хатшысы: Имангожаева А

Қатысқандар саны: 3

### Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
2. №2 педагогикалық кеңестің қорытындысы
3. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
4. Топ тәрбиешісінің жарты жылдық есебі.

### Қаралды

#### 1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері аралық мониторинг бойынша сөз бастады. Топ тәрбиешісінің аралық мониторингтері уақытында толтырылып өткізілгенін және тексеру кезінде балалар біршама сұрақтарға дұрыс жауап бере алғандары байқалғанын айтты. Мониторинг бойынша салыстыру жұмысы жүргізіліп әр дағды бойынша қортынды шығарылды. Әр білім деңгейі төмен балалармен жеке даму картасы толтырылып жатқанын көрсетті. Сұрақтарға бала қай деңгейде жауап бере алатыны күнделікті оқу қызметіне қатысу кезінде бақыланды. Тәрбиешіге қортынды мониторинг жүргізілгенше балаларға білімді жан-жақты беру тапсырылды. Балаларды толық сөйлеуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйретуді тапсырды.

#### 2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. №2 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде орындалған жұмыс нәтижелерімен бөлісті. Бақылау мен

басшылық жүргізу кезіндегі ескертпелер мен ұсыныстарды, тексеру кезіндегі кемшіліктерді атап айтты. Ұйымдастырылған ертеңгілік туралы тәрбиешімен пікір алмасты. Ата-аналар жиналысындағы мәселелерге тоқталды.

### **3. ТЫҢДАЛДЫ**

Балабақша психологы «Қиын отбасындағы бала психологиясы» атты баяндамамен таныстырып тәрбиешімен жаттығулар орындады. Қазіргі таңда балалармен шамадан тыс жұмыс жасау немесе отбасылық жағдайларға байланысты адам өмірінде психикалық бұзылулар болуы әбден мүмкін. Қазіргі кезде теледидарда бала ұру сынды мәселелер көптеген орын алуда. Сондай жағдайлардың болуына жол бермес үшін осындай баяндамамен таныстыруды жөн көргенін жеткізді. Педагогтармен тренинг жүргізді.

### **4. ТЫҢДАЛДЫ**

Төртінші мәселе бойынша барлық педагогтар І- жарты жылдық есептеріне тоқталатынын әдіскер таныстырды. Жарты жылдық есепті. Өз баяндамасында ең бірінші мәселе балалардың тазалығы мен білімі болғандықтан балаларды барынша тәрбие беріп, біліммен қамтамасыз етіп жатқанын айтты. Балалар Қыркүйек айына қарағанда біршама тәрбиеленіп білім деңгейлері көтерілгенін айтты. Барлық ертеңгілік талапқа сай берілген кесте бойынша жүргізілгенін мәлімдеді. Топ бойынша ҰІӘ уақтылы өтіліп балалармен жасаған жұмыстары жеке портфолиоға жинақталып жатқанын айтты. Жылдың басындағы білімдеріне қарағанда балалар біршама өскендері қабылдауларынан көрінеді.

Әр жаңа келген баламен жеке жұмыстар жүргізілетінін, ата-аналарымен тығыз байланыста болатындарын жеткізді. Оқу жылының басында бастапқы мониторинг бойынша салыстырсақ аралықта балалар біршама білім алғандарын ашып айтты. Сонымен қатар балаларға тазалық сақтау, асты дұрыс ішу, кезекшілік қызметін атқару, таңертеңгілік жаттығуға кешікпей келу, оқу қызметіне белсене қатысу сынды шараларды балалар орындай алатыны маңызды екенін айтты.

**ШЕШІМІ:**

1. Аралық мониторинг бойынша берген есеп қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.
3. Психолог маманы ұжым арасында көптеген тренинг жүргізісін.
4. Педагогтардың жарты жылдық берген есептері қанағаттанарлық деңгейде деп есептелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: \_\_\_\_\_ Есеналиева А.С

Хатшы \_\_\_\_\_ Имангожаева А